

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕҢЕС:
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ
СЕКТОРЫН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҮКІМЕТ ҮЙІНЕН

ҚР Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин жыл соңында экономиканың нақты секторын дамыту шаралары бойынша Қарағанды облысында бірінші көшпелі кеңесті өткізді.

Республикалық кеңеске қатысушыларға, яғни, қаржы институттарының, екінші деңгейлі банктердің, барлық өңір әкімдіктерінің, ірі квазимемлекеттік компаниялардың басшыларына, ҚР СІМ Инвестициялар комитетінің төрағасы Ғабидолла Оспанқұлов Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаны таныстырды. Бұл платформа инвесторлардың, мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік сектордың өзара іс-қимылына арналған «Бірыңғай терезе» болып саналады. Жүйеде Қазақстанның инвестициялық саясатының толық бейнесін қалыптастыру үшін барлық қатысушылар арасында қажетті ақпарат алмасу процесі автоматтандырылған. Бүгінгі таңда платформа пулында 836 жоба бар, оның 60-ы «жасыл дәліз» аясында жүзеге асырылуда.

Сондай-ақ кеңесте индустриялық саладағы және ауыл шаруашылығындағы инвестициялық жобалардың іске асырылуы туралы ақпарат берілді. Атап айтқанда, 2024 жылы жалпы сомасы 1,3 трлн теңгеге 180-ге жуық жаңа өнеркәсіптік өндіріс іске қосылып, шамамен 14,4 мың жұмыс орны құрылды. Салаларға шаққанда, инвестиция көлемі 196,3 млрд теңгені құрайтын 34 жобамен құрылыс материалдары өндірісі, 110,7 млрд теңгені құрайтын 33 жобамен тамақ өнеркәсібі, 92,9 млрд теңгені құрайтын 32 жобамен машина жасау саласы көш бастап тұр. Өңірлерге шаққанда, инвестицияның ең көп көлемі Алматы (315,9 млрд теңге сомасындағы 15 жоба), Ақтөбе (200,4 млрд теңгелік 5 жоба), Жамбыл (175,5 млрд теңгелік 13 жоба) және Қостанай облыстарына (152,7 млрд теңгелік 13 жоба) тиесілі. Ең ірілерін айтсақ, Қостанай облысындағы «KamLitKZ» ЖШС жүк автомобильдерінің құрамдас бөліктері, Қарағанды облысындағы «Кузун Агау» ЖШС катодтық мыс, Алматы облысындағы «Жетісу Вольфрам» ЖШС «Бұғыты» вольфрам кен орындарын өнеркәсіптік игеру. Ауыл шаруашылығында 11 айдағы қорытынды бойынша 250 млрд теңгеге 258 инвестициялық жоба іске асырылды. Бұлар Павлодар облысындағы 1800 басқа ар-

налған «Кронос-Павлодар» тауарлы-сүт фермасының құрылысы, Жамбыл облысындағы 30 млн жұмыртқаға арналған «Алель агро» құс фабрикасына арналған инкубатор, Ақмола облысындағы қуаты 3,3 мың тонна «IL-TOV» жартылай фабрикалар өндірісі, Маңғыстау облысындағы 40 мың тонна «Ақтау КТО» көкөніс қоймасы және басқалары.

«Ұлттық экономика министрлігі келесі жылы экономиканың нақты секторын дамытуға баса назар аударады. Бұл салықтан түсетін, ЖІӨ-ге қосымша үлес қосатын және баламасы жоқ табыс. Жергілікті атқарушы органдар соңғы жылдары жеткілікті бюджеттік дербестікке ие болды. Біз бизнесті және нақты жобаларды қолдауға арналған еркін қаражатты ұсынамыз. Өз өндірісімізді дамытуымыз керек. Инвестициялық жобалардың ұлттық пулына салынған барлық жобалар мен жол карталары әкімдердің рейтингіндегі №1 тармаққа айналуы тиіс. Бұл әрі үлкен экономика, қазіргі кезде бізге қажет қарапайым заттардың да экономикасы. Ұлттық экономика министрілігі жақын арада айналысатын мәселе де осы», – деп атап өтті кеңесті қорытындылай келе Серік Жұманғарин.

Вице-премьер – Ұлттық экономика министрі «Qarmet» АҚ, «Saran» индустриялық аймағы, «Сарыарқа» АЭА кәсіпорындарының өндірісімен және одан арғы даму жоспарларымен танысты. «Saran» аумағында қазақстандық «QazTechna» кәсіпорны автобустар мен арнайы техниканы, «Tengri Tyres» автомобиль шиналарын, «Silk Road Electronics» ЖШС тұрмыстық техника өндірісін жолға қойып отыр. Жақында ғана «Silk Road Electronics» ЖШС Samsung Electronics компаниясымен премиумды қоса алғанда, Samsung теледидарларының өзекті желісін шығару туралы келісімге қол қойды. «Saran» аумағында 2,5 мыңнан астам жұмыс орнын құру арқылы 109,7 млрд теңге сомасындағы тағы алты ірі жобаны іске асыру жоспарлануда.

«Сарыарқа» АЭА аумағында Серік Жұманғарин кремний кластерін құру жобасының даму

қарқынын тежейтін өзекті проблемаларға құлақ салды. Бизнес көтерген барлық мәселе оны шешуге алдағы уақытта жәрдемдесу үшін бақылауға алынды.

Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру мониторингі жөніндегі парламенттік комиссияның кеңейтілген отырысында Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров Қазақстанның соңғы 10 жылдағы ОДМ-ға қол жеткізу жұмыстарының аралық нәтижелерін ұсынды.

SDG Index Орнықты даму жаһандық рейтингінің деректері бойынша соңғы бес жылда Қазақстан индексі шамамен 71 баллды құрайды. 2024 жылғы қорытынды бойынша Қазақстан рейтингі бар 167 елдің ішінде 66-орынға ие болды.

Вице-премьер Қазақстанда ОДМ-ды тиімді іске асыру үшін берік институционалдық негіз құрылғанын атап өтті. ОДМ жөніндегі үйлестіру кеңесі мен Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді мониторингілеу комитеті жұмыс істейді.

Үкімет мақсаттарды елдің негізгі стратегиялық құжаттарында, оның ішінде өңірлік даму құжаттарында айқындауды ескере отырып, интеграциялау жөнінде шаралар қабылдады. Соның арқасында денсаулық сақтауды, білім беруді, ғылымды, экологияны, кәсіпкерлікті және т.б. басым салаларды дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Қазақстан Париж келісімі шеңберінде экономиканы декарбонизациялау шараларын іске асыруды жалғастыруда. 2023 жылы 2060 жылға дейінгі Көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы бекітілді. Бұл климаттың өзгеруіне қарсы күрестегі маңызды қадам.

2025 жылы БҰҰ Жоғары деңгейдегі саяси форумында Қазақстан өңірлерде ОДМ-ды айқындауға, гендерлік теңдік пен жастар саясатына баса назар аударылатын үшінші Ерікті ұлттық шолуды ұсынады.

ӘКІМ ҚАБЫЛДАУЫ

АЗАМТТАРДЫҢ АРЫЗЫ
ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Сәрсенбі күні әдеттегідей Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Азаматтардың арызы мен ұсыныс-тілектерін тыңдауға жергілікті депутаттар, Қоғамдық кеңес мүшелері және атқарушы билік өкілдері қатысты.

Қабылдау барысында тұрғындар тарапынан бірнеше түйткілдер көтерілді, олардың ішінде: қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау, көше жарықтарын қалпына келтіру, тұрғын үй кезегі, үлескерлердің құқықтарын қорғау, қала ішін қардан тазарту жұмыстарына қатысты сауалдар қойылды.

Әкім тұрғындар көтерген әр мәселе бойынша жауапты бөлім басшыларына нақты тапсырмалар берді.

БАСПАСӨЗ – 2025

ГАЗЕТКЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ
ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

Баспасөзге жазылу науқаны жалғасуда! Тоқтамаңыз!

«Jaṇa Bastau» газеті – өмірге жаңа көзқарас, жаңа идеялар мен тың бастамалар алаңы. Егер сіз өзіңізді заманауи ақпараттан тыс қалдырғыңыз келмесе, әр айдың 10-на дейін жазылып үлгеріңіз! Осылайша, келесі айдан бастап сүйікті газетіңізді тікелей қолыңызға ала аласыз.

Бізбен бірге:

Жаңалықтарға жылдам көз жүгіртіңіз.

Сараптамалық мақалалар мен арнайы зерттеулерден хабардар болыңыз.

Танымдық айдарлар арқылы ой-өрісіңізді кеңейтіңіз.

Жазылу жеңіл әрі жылдам!

Жазылу үшін жақын жердегі пошта бөлімшесіне барыңыз немесе онлайн жазылу мүмкіндігін пайдаланыңыз.

«Jaṇa Bastau» – жаңашылдыққа бетбұрыс жасағандар үшін!

«Jana bastau» әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси газеті

Kaspi QR

Жазылым үшін ақысын төлеу
Оплата за подписку

«Jana bastau» социально-экономическая и общественно-политическая газета

Ұлттық экономика министрлігінің материалдары бойынша даярланды

ЖАСТАР ЖҰМЫСШЫЛАРҒА АС-СУ ҰСЫНДЫ

ЕҢБЕК АДАМЫ

Комуналдық қызметтегі жұмысшылар күні-түні аянбай, күрделі әрі игілікті істі тынбай жасап жатыр.

Қыс басталғалы Қосшы қаласының аумағынан 45 мың текше метр қар шығарылды. Әкімшілің бірлігінің аумағындағы қауіпсіздікті және тұрғындардың ыңғайлы қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында қар тазалау жұмыстары тәулік бойы екі ауысыммен ұйымдастырылуда.

Күн сайын арнайы жүк көліктері шамамен 70 рейс жасап, 1500-ден астам текше метр қар тасымалдайды. Бұл жұмыстарға 40-қа жуық арнайы техника мен 40-тан астам жұмысшы жұмылдырылған.

Қар тазалау жұмыстарына «Астана СпецТехНС KZ» және «Элит Строй Комплект» компаниялары жауапты. Олар ең алдымен негізгі көшелерді, әлеуметтік маңызы бар нысандарды, жаяу жүргіншілер жолдарын және көпқабатты үйлердің аумақтарын қардан тазартады.

Депутаттар, жастар мен қоғам белсенділері түнгі аусымда жұмыс істеп жатқан жұмысшыларға ас-су әкеліп беруді әдетке айналдырған. Қосшы жастары «Көмек қолы» акциясы аясында коммуналдық қызмет жұмысшыларына ыстық, шәй мен бауырсақ ұсынды.

– Біз еңбек адамдарына құрмет көрсетіп, бауырсақ пен шай ұсындық. Бұл шара барысында уақытты өте жақсы өткіздік, көңіліміз көтеріліп, еңбекқор жандармен бірге болғанымыз бізге үлкен қуаныш сыйлады. Олардың қажырлы еңбегі мен табандылығы бізге үлгі болып



қала береді. Осындай іс-шаралар жастардың бірлігін нығайтып, ортақ мақсаттарға жетуге ынталандырады. Бұл күн біз үшін ерекше болды. Алдағы уақытта да осындай шараларды ұйымдастырып, бір-бірімізге қолдау көрсетуді жалғастырамыз деп сенеміз, – дейді ерікті Аяна Әбдібек.

Жұмысшылардың Жастар Ресурстық орталығына айтар алғысы шексіз. Еңбек адамдары қандай құрметке де лайық.

Айдана Елшібекқызы,
Жастармен жұмыс маманы

АДАМ ЕҢБЕГІМЕН ҚҰРМЕТТІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. «Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Әрі біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», – деді президент.



Қосшы қаласы Жастар ресурстық орталығы жұмысшы мамандықтар жылы өткізілетін іс-шаралар жоспарын жасады. Ол бойынша қаламыздағы жұмысшы мамандықтарының қызметкерлерінің еңбегін дәріптеу мақсатында сұхбаттар мен кездесулер, форум өткізу көзделген.

Осы мақсат аясында жастар «Сапа су» мекемесінің жұмысшыларымен кездесті. Соның бірі – Жайлау Қыстаубаев 1984 жылы 3 шілде күні Қарағанды облысының Нұра ауданы Құланөтпес ауылында дүниеге келген.

2001 жылы орта мектепті тәмамдап, Астана қаласына келді. Еңбек жолын Қосшы қала-

сынан бастады. Отбасылы, үш баланың әкесі.

2014 жылдан бері «Сапа-Су» компаниясында бас механик қызметін атқарады. Осы аралықта компания жолдамасы бойынша шет елдерде тәжірибе алмасу мақсатында сапарларға барды. Атап айтсақ, Германия, Бейжің, Белоруссия, Ташкент елдерінде тәжірибе алмасып, өз білімін жетілдірді.

Ол – өз ісіне адал қызмет етуді басты қағида еткен еңбекқор жан. Жайлау Хасенұлының еңбекқорлығы өскелең ұрпаққа үлгі өнеге.

Гүлназ БИСЕН

КӘСІПКЕРЛІК

Жақында «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша Тайтөбе ауылының кәсіпкерлерімен кездесу өткіздік. Оларға Тайтөбе ауылының әкімі Парасат Досмағанбетов, Қосшы қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Дулат Сыздықовпен бірге бағдарламаның шарттары мен басым бағыттар таныстырылды.

ІСКЕР АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА

Кәсіпкерлер осы бағдарламаны өз бизнес салаларында жүзеге асыру бойынша жоспарларымен және мүмкіндіктерімен бөлісті. «Көкше» ӘКК» АҚ уәкілетті агенті Ақмола облысының аудандары жағдайында құжаттарды қабылдау кестесін белгіледі. Тайтөбе ауылы мен Қосшы қаласының кәсіпкерлері ағымдағы жылдың 18 ақпанынан бастап құжаттарын тапсырады.

Естеріңізге сала кетейік, «Ауыл аманаты» жобасының басты мақсаты – халықтың табысын арттыру, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жан-жақты қолдау, тұрғындарды ауыл шаруашылығы бизнесіне барынша тарту, азық-түлік қауіпсіздігі-

не қатысты мәселелерді шешу және өмір сүру сапасын арттыру.

Бағдарлама несиелік мерзімі 5 жылға дейін, ал мал шаруашылығы жобалары бойынша 7 жылға дейін 2,5%-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесімен шағын несиелік беруге бағытталған.

Бағдарламаны тиімді жүзеге асыру мақсатында әр ауданда әлеуетті қарыз алушылардың несиелік құжаттарын іріктеу және кейіннен уәкілетті агентке беру үшін дайындау бойынша жұмыс топтары құрылды.

Қуаныш Нұртазин,
«Атамекен» ҰКП Қосшы қаласы
бойынша филиалының директоры



ХАБАРЛАНДЫРУ

САҚАТЫҚ ШАРАЛАРЫН САҚТАМАҒАН ЖАНДАР АЙЫППҰЛ ТӨЛЕЙДІ

Ақмола облысының ТЖД ескертеді, ауа-райы нашарлаған таңда, соның ішінде қалың қар, боран және төмен температура кезінде барлық адамдарға сақ болуға және қажетті қауіпсіздік шараларын қабылдауға шақырады.



112 шұғыл қызмет тарабынан дауылды ескерту туралы ақпарат алған кезде алыс сапарлардан бас тартуды сұраймыз. Осы талаптарды сақтамағаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 667-бабы бойынша 117 960 теңге сомасында әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Сондай-ақ, қысқы кезеңде су қоймаларында қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы еске саламыз. Атап айтқанда, көлік құралдарымен өткелдер үшін бөлінген орындардың шекарасынан басқа жермен мұзға шығуға тыйым салынады. Мұзда от жағуға рұқсат

етілмейді. Мұз үстіне жабдықтар мен қоқыстарды қалдыруға болмайды. Тәуліктің қараңғы уақытында, көз көрім нашарланған кезде мұзға шығуға жол берілмейді.

Жоғарыда көрсетілген ережелерді бұзған адамдар үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 412-бабы бойынша 27524 теңге сомасында әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Қосшы қаласының Төтенше жаңдайлар бөлімінің баспасөз қызметі

Бетті дайындаған Дәулет АСАУ



ЕҢБЕГІМЕН ЕР СЫЙЛЫ, ӨНБЕГІМЕН ЖЫР СЫЙЛЫ



ЖӘНГІР – ҚАЗАҚТЫҢ ЖАҢАШЫЛ ХАНЫ

Қазақтың арғы бергі тарихында, оның ішінде Алтын орданың бастауында тұрған Жошы ханнан кейін, Шыңғыс хан ұрпағынан тарайтын хандардың болғаны белгілі. Олардың әрқайсысының уақытында тарихи туындаған жағдайға байланысты да әртүрлі тағдырлар сәйкес келген. Біразы Жоңғар шапқыншылығымен сәйкес келіп, аттың үстінде ақ найзамен, алмас қылыш ұстап, қол бастағандары да бар. Үш жүздің басын біріктіріп үлкен мемлекетке айналдырған Абылайдан кейін, қайтадан әр жүздің өзінің хандары болған. Кіші жүзден Әбілхайыр-Мұхаммед-Ғазы бахадүр 18 ғасыр басында Кіші жүз бен Орта жүзге ықпал жасап, Түркістанды астана етті. Одан кейін ығысып, Кіші жүзге хандық құрғаны белгілі.

ТҰЛҒА

Әбілхайыр балалары әкесі қалдырған мұрагерлік жолды сан тарау өрбітіп, тақ иеленіп, билеуші сұлтандар, басқарушы әкімдер лауазымын қолдан шығармай өтті. Одан өте заманынан дорми мүшелері сайланып, халық комиссарлары қойылып – екі ғасыр бойы атадан дарыған билікті бекем ұстады.

Соның жалғасы ретінде Жайықтан Еділ бетіне өтіп жер алып, ел қоныстандырып Бөкей хан – Бөкей ордасының басында тұрды. Бөкей небары үш-ақ жыл хандық қызмет атқарсада қазақта: «Еділді алды, елді алды,

Жайықты алды, жерді алды» деген қазақтың жерін қайтарып, Ресей патшасынан рұқсат алып, ел қоныстандырды. Оның ұлы Жәңгір қазақтың ресми сайланған бекітілген соңғы ханы. Әбілхайыр бабасы Ресейге қол беріп, бодандыққа өткен соң қазақ хандарын Ресей патшасы бекітетін болған. Сонымен қазақты қайтадан Еуропа кеңістігіне алып өткен алғашқы Бөкей хан болса оны ары қарата Жәңгір лайықты өрбітті.

1824 жылдың 26 маусымында Жәңгірді хан тағайындау рәсімі өтті. Жәңгірге арналған патша сарайының грамотасымен Жайықтың арғы беті мен Астрахан губерниясының далаларында қоныстанған Қазақ ордасының игі жақсылары мен халқына жариялау грамотасы жарияланды.

Міне, содан бері екі жүз жыл өтіпті. Көзі қарақты азаматтар 1912 жылы Романовтардың таққа отырғанының 300 жылдығын өте жоғары халықаралық деңгейде өткізгені белгілі. Оз жақсыларын ұлықтамаған ұлттың болашағы бұлыңғыр болатыны белгілі. Сондықтан қазақтың соңғы ханының таққа отыруына 200 жылдығында естіген, білген, оқығанымыз қағаз бетіне түсіруді жөн көрдім.

Айтаныны, 23 жасында хан сайланған Жәңгір 22 жыл хандық құрды. Бұл қазақ хандарының ішіндегі ең ұзақ уақыттың бірі.

Жәңгір қалы кілемге тізе бүгіп, ант қабылдады, құранды сүйіп, төбесіне көтереді. Ант қағазына қолын қойып, мөрін басады. Орал войскосының артиллериясы хан құрметіне он бір дүркін залп берді. Патшаның сыйға тартқан бұлғын ішікті жамылып, белінен алмас қылыш байлады.

Жәңгірді ұлықтау салтанаты өткен ағашты жұрт «Хан тоғайы» атап кетті. Жәңгірдің білімдарлығы мен бекзаттығы талайлардың таңдайын қақтырды. Жайықтың далалық жағындағы Кіші жүзден 66 сұлтан, старшын, билердің өздері мойындап Жәңгірдің қарауына өтіп, Жәңгірді «Кіші жүз қазақ ордасының ханы» деп мәртебеледі. Ханды мадақтаған бір жырда:

Түпкі бабаң белгілі
Баһадүр Шыңғыс хан екен
Арғы атаң атақты Әбілхайыр,
Нұралы
Кіші жүздің елінде
Жарық бір жанған шам екен.
Бабаң Бөкей бас болып
Көлденең жатқан Жайықтан
Көктей өтіп ел бастап
Қоныс алған хан Жәңгір.

Қазақтың ғасырлар бойы армандаған ойы-Астраханға дейінгі жерге көшіп-қонуға мүмкіндігі туындайды. Содан кейін екі ғасыр өткен соң Ресейдің Астрахан облысының Краснояр ауданындағы Кішіарал ауылында қазақ ханы Бөкейге шығыстың дәстүрлі сәулет үлгісімен кесене күмбезі көтерілді.

1824 жылдың 12 қыркүйегінде Жәңгір Орынборда 1 Александр патшамен кездеседі. Оралда тәж киіп, Орынборда патшадан бата алған Жәңгір ордасында толық құқылы билеуші болады. Бұл кезде қазақты басқаруда реформалар жүргізіліп, хан атағы жойылып, аға сұлтан-правитель билігі енгізіліп жатқанда Жәңгірдің білімдарлығы, Астрахан губернатор үйінде тәрбиеленіп Еуропаша тәрбиесі соңғы хан ретінде билікте қалуына мүмкіндік берді.

Хандық дәстүрді берік ұстанған әрі жаңа реформаларды жетік түсінген Жәңгір өз билігін жаңа басқару жүйесіне бейімдеді. Жәңгір ордасын 32 ұлысқа, 12 руға бөлді. Рубасына 10 сұлтанға ел ішіндегі әмірді қадағалау, ханның барлық әмірін қалтқысыз орындау міндеттері жүктелді. Ұлыстарға старшындар тағайындалды, олар халықтан зекет пен соғым жеткізіп беруге тиіс болды. Елге сыйлы 12 биден хан кеңесін енгізді. Жәңгір өз ұйғарымымен ең бегі үшін «Тархандық» атақ енгізді. Ол адам алым-салықтан босатылды. Бұл кезде Жәңгірдің генерал-майор әскери атағы болатын.

Орданы жалпы басқару екі арнадан тоғысты. Бірінші – діни басқару болса, оны жолға қойған тікелей Жәңгірдің өзі еді. Жәңгірге дейін бұл небары он бес қара дүмше молда болған. Хан татардан ілім мен хадистың майын ішкен оқымысты молда алдырып жұртты имандылыққа бет бұрғызды. Арасынан ахун сайлады. Кейін осы елде білімді 128 молда болған.

Екіншісі – азаматтық басқару. Жәңгір ордасында рулық-одақтастық құрылымды берік орнатты. Мысалы:

-Беріштен – 3600 түтін;
-Шеркеш – 2000 түтін;
-Алаша – 2300 түтін;
-Адай - 1600 түтін;
-Байбақты – 1200 үй;
-Тана – 1200 үй;
-Жетіру – 1200 шаырақ;
-Жаппас – 850 шаырақ;
-Төленгіт – 500 үй;
-Қожа – 500 үй, барлығы 14 950 түтін.

Біртіндеп халықтың келуінің нәтижесінде Ішкі Бөкей ордасы Жәңгір ханның тұсында 23 мың түтінге дейін жетті. Жәңгір енді астана салуға рұқсат алып, Жасқұсқа табан тіреп, Орынбор әскери губернаторынан рұқсат сұраған.

Губернатор Эссен Сыртқы Істер Министрлігінің Азия департаментінен рұқсат алып, құрылыс комитеті үйдің жобасын дайындап, қасбетін еңселендіріп, шығынды есептейді. Оған кететін құрылыс материалдары мен салу жұмысына 36 102 рубль қажет екен. Қаржы Министрлігі соны берген соң Жәңгір Мәскеуге келгенде патшаға ауызба-ауыз айтудың ретін тапқан. Содан же-

дел шешімін тауып, хан үйі бой көтереді. Жасқұстан астана сала отырып, хан өз бастамасымен қазақ сұлтандарына отырықшылықтың үлгісін көрсетті. Алғашқы жылдары қиын болғанымен 1845 жылы Жасқұста 59 қарағаш, 32 сайсең кірпіштен салынған үй, 10 лавка, 15 қойма болды.

Хан үйінің ішкі-сыртқы салтанатынан еуропалық тұрмыстың барша ауқаттылығы мен реттілігін табуға болатын. Жиырма үш бөлменің дүние мүлкі үлкен талғаммен жинақталды. Дүниеқорлық ханға жат қасиет еді. Оның жиған-тергені мәдениеттік заттың көрінісі, тарихи, рухани мұралар, қару-жарақ, кітапхана болатын.

Төрт терезелі ханның қабылдау залы еуропа жиһазымен мұнтаздалды. Кіреберіс оң жақта астрономиялық сағат қойылған. Қызыл-күрен комод үстіне қойылған оның төрт бұрышында жер, аспан және екі глобусы, сағаттың соғуын орган үнімен бергенде ай глобустары қозғалып, аспан шырағының осы кездегі фазаларын көрсететін.

Хан ордасын Жасқұста орнатуға оның орналасқан жерінің тиімділігі ескерген. Жасқұс Астрахан, Саратов губернияларымен және Орал шебімен үш жолдың торабында тұрды. Астрахан бағытына пошта жолы ыңғайладырылды. Үш жерге станция орнатылып, оларда үш жегін ат, бір салт мінетін ат дайын, пошта арбасы мен шанасы әбзелдерімен сай тұратын.

1825 жылы сырқаттан қиналғандар шипа алу үшін аурухана салып, аптека ашып емдейтін, обаға қарсы егетін фельдшер мен Санкт-Петербург медицина-хирургиялық академиясында аттестадан өткен тәжірибелі маманды ордасына қызметке шақырады.

Хан Торғын өзенінің бойында жазғы ордасын салуды мақсат еткен. Торғын өзеніне бөгет тұрғызып, аңғарларға су шығарады. Торғын өзенінің арғы бетінде орыс селениесі болатын. Суармалы шабындыққа екі жақ бірдей кенелді, қуаң жерлерде шалғын жайқалды.

Жәңгірдің халықты отырықшылыққа икемдеуі нәтижесіз болмады. Жасқұсты қойып дала төсінде жертөлелер мен қыстаулар көбейді. Олардың есебін жүргізе келе, бір мыңға жеткеніне Жәңгір ерекше қуанды.

Ресей патшалығының тарапынан қазақтың діни ұстанымына шектеу қойылған жоқ. Жәңгір таққа отырғанаға дейін Бөкей ордасында дін жолындағылар сирек болды. Ауқатты сұлтандар мен пайғамбардың үмбеті қожалар арасынан болмаса, ол тұста намазға жығылып, сәлде салып жүруді қыр халқы әдет қыла қоймаған. Ал Жәңгірдің өзі бес уақыт намазын құр жібермейтін тақуа адам еді. Руларға тағайындалған 126 молда ел ішінде халықтың ұлтқа тән мінез-құлқын, салт-дәстүрі мен мұсылманшылық қағидаларын сақтауға ұйытқы болды. Жәңгір молдаларға Қазанда басылған құран кітаптарын, христоматия оқулығын қымбаттығына қарамай әрқайсысына екі-үш қойдан

бағасын беріп алып берді.

Жәңгір 1826 жылы Орал қаласынан мешіт үйін салдыруға рұқсат алды. Қаланың шетінен Қарауыл Қожа Бабажановтың қаржысына ағаштан қиылған мешіт салдырды. Жәңгірдің бастамасымен халықтан жиылған қаржыға Орынборда үлкен мешіт салынды. 1825 жылы өзінің ордасы Жасқұста ең көрікті құрылыстың біреуі саналған мешіт салдырды.

Мешітті көбейту үшін тер төккен Жәңгір керісінше ордада православие дінінің әрекет етуіне үзілді-кесілді қарсы болды. Қазан төңкерісіне дейін Бөкей ордасындағы 128 мешітте Мекке, Қазан, Уфа, Орта Азия діни орталықтарында білім алған мамандар қызмет етті.

Алыс-жақыннан келген меймандар әсіресе Жәңгірдің қарулар жинағына таңдай қағатын болатын. Жеке бір бөлме қару-жарақпен жасандырылды. Қызыл ағаштан шафтар жасатып, шынылатып, ішіне азиялық сауыттар, қалқандар, дулығалар қойылды. Қабырғада самсаған салы, күрзі, жаркескен, қылыш, қанжар, алуан түрлі мылтық сан өрді. Сирек кездесетін нәрселерді білгір Жәңгір оларды алуға ақша аямайтын.

Ресей патшалары Анна Иоановнаның Әбілқайырға, Елизавета патшаның 1742 жылы Әбілқайырға, 1749 жылы Нұралыға, Екатеринаның 1775 жылы Нұралыға, Александрдың 1802 жылы Бөкейге, 1823 жылы өзіне берген атаулы-жазулы қылыштары Жәңгір сарайының төрін қазақ билігінің айбынындай асқақтатты.

Мұндай қару-жарақ жинағымен сол тұста осы аймақта Жәңгірден басқа тек екі адам – Орынбор губернаторы Перовский мен іргедегі Хошеут ұлысының билеушісі 1812 жылғы Наполеон соғысының батыры, қалмақ князі Сербеджад Түменов қана мақтана алатын.

Хан қайтыс болған соң мұрагерлік жолмен ұрпақтары бөліп алады. Бұрыннан да орда халқы мен Ресей елінің сауда-саттығы Сарыөзен сағасында өтетін. Әдетте, ортадағы делдал дәнекер ретінде татар саудагерлері жүретін. Жәңгір таққа отырған жиырмасыншы жылдардың орта шенінде ресейліктер орда қазақтарынан үш жүз мыңдай қой, қой майын, ешкі түбігін, қойдың, жылқының терісін алатын. Татарлар терілерді қазақтардан арзанға алып, Ресейге қымбатқа сатып көп пайда табатын. Орал қазақтары Сарыөзенде отыз мекен салса, татарлар қырық қыстау салып, сауданы қыздырып, қазан, қараша, желтоқсан айларына дейін жүретін еді. Малды алысқа айдап барған қазақтар алданып келген, тілмаштардың жетегінде жүруі сияқты қолайсыздықтарды ескеріп Жәңгір Сенатқа хат жолдап, сенатор Энгельге жәрмеңкені Жасқұсқа ауыстыруға рұқсат алды.

1832 жылдың тамызында патшаның «Нарын құмында Жасқұстың солтүстік-батыс кемерінде тұрақты жәрмеңке ашылсын» деген жарлығы шықты. 1833 жылы 14 қаңтарда «старшындарға, қарамағындағы

елдің сататын малын, айырбастайтын заттарын ұйымдасқан түрде жәрмеңкеге жеткізуге жауапты-сыздар» деген жарлығы шықты. Сөйтіп, Жәңгір ордасында жылына екі рет, 15 сәуірден және 15 қыркүйектен бастап жәрмеңке өткізле бастады. Онда қазақтар мал мен оның өнімдерін сатып, айырбастап отырды. Ханның өзі бұған үлкен мән беріп, ол өтетін кездері ешқайда сапарламастан ордасында болуға тырысты.

Жәрмеңкеге Жәңгір ордасына Ресей империясының түрлі губернияларынан саудагерлер ағылды. Тауарын теңдеп әкелген капиталистер қазаққа керекті заттарды жәрмеңке сөрелеріне аямай төкті. 1835 жылы айналымдағы ақша капиталын айтпағанда екі миллион рубльдың тауары әкелінеді. Жасқұстың маңында екі жүзге жуық киіз үй қалашығы бой көтерді. Сырттан келушілер өздеріне баспанаға, тауарларын сақтауға отыз рубльге қазақтың үйін жалға алатын болды. Қырдан жүз мыңға дейін қой, алты мың ірі қара, екі мың жылқы келіп ақшаға өтіп кетті. Жылқы мен сиыр, қой терісі, елтірі, түбіт жабағы, түйе жүн, аттың жал-құйрығы, киіз бен текемет, аң терісі ерекше сұранысқа ие болды. Жәрмеңкенің дүбірі алысқа жетті. Жеке саудагерлер емес, өнім шығаратындардан ұсыныстар түсе бастады. Бірқатар кәсіпкерлер ханның жеке қамқор-кепілдігін алуға тырысты. Ірі көпестер Ішкі Ордада сауда компанияларын құру туралы ұсыныстар жасады, хан оларды құптады.

Хан жәрмеңке ұйымдастыру, сауда жасау мәдениетіне көп мән берді. Сүйінішқали Жаналиев сұлтанды базарбасы тағайындап, қолына «Хан ордасында жәрмеңке өткізудің ережелерін ұстатты». Жиырма бір баптан тұратын ережені ханның енгізген сауда заңы деп қарауға болады. Жаналиевке үлкен өкілеттік бере отырып, заңдық тәртіппен қоса адамгершілік құқықтың сақталуын қатаң талап етті. Ру басшылары мен старшындарды жинап хан жұрттың тауар таңдауда басқаларға желінбеуін түсіндіріп, оңаша сыр айтты.

Жәрмеңкедегі сауда-саттық, айырбас, сұраныс-тапсырыс қатынастары бір империя ішіндегі екі елдің экономикалық шаруашылық байланысын нығайта түсті. Жылына келетіндер саны 2-5 мың дейін жетті. 1887 жылы Уақытша Кеңес жәрменке орнын Мұратсай мекеніне көшіруді ұйғарды. Кей жылдарда жәрменке үш рет өткізілді. 1832 жылы Жәңгір хан ұйымдастырған жәрменке осылайша дәл бір ғасыр дүбірлеп тұрып, 1929 жылы Кеңес үкіметі ауқаттыларды көмпескелеп, елдің басқа өңіріне жер аударған кезде жабылды.

Шынында қазақтың жаңашыл ханы Жәңгір жәрмеңкесі халыққа қат нәрсенің бәрі табылатын, баршаға бай-құт, игілік еді. Халқына Жәңгірдей қызмет еткен хан бола қоймаған шығар.

Ерғали ДІЛДӘБЕК,
Қосшы қаласы мәслихатының депутаты



БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

МҰРА

Ұлттық ойындар – ата-бабаларымыздың бізге қалдырған байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың және заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор.

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың мына пікірін еске ала кетейік: «Біздің заманымыздың өмір кешкен ұзақ жолында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген, менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір мағыналары болған». Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу – бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асырылады. Ойын – балалар үшін айналадағы танып, білу тәсілі.

Дене тәрбиесі іс-әрекеті мазмұны негізінен қимылдан, ұлттық ойындардан тұрады. Ойын кезінде жасалатын қимыл-қозғалыстар балалардың ептілік, шапшаңдық, күштілік, батылдық, төзімділік қабілеттерін дамытады. Денсаулығын нығайтып, ақыл-ойын өсіреді. Ойын барысында балалар бір-бірімен

жақын араласып, тату, ұйымшыл болып өседі.

Сонымен бірге ойын ойнау негізінде бала:

- көңілді болып жақсы демалады;
- денесі қимылдап, бойы сергейді, миы тынығады;

- ойынға қатысушылар бір-бірін тез түсінеді, ұйымшылдыққа үйренеді.

Бала тәрбиесі қиын да жауапты міндет. Ұрпақ тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшау тұрған емес. Ол қоғамның, заманның бағыт-бағдармен, тыныс-тіршілігімен бірге жүріп отырады. Осы орайда кез келген бұлдіршін үшін бала тәрбиесі ата-анасынан берілген тәлім-тәрбиені одан әрі жалғап, жандыратыны сөзсіз.

Диана Бейсенбаева,
«Алтын дән» балабақша



БІЛІМ КӨКЖИЕГІ

Ақмола облысындағы мектептер «BilimClass» платформасына көшті

Ақмола облысындағы мектептер осы оқу жылының үшінші тоқсанынан бастап, Қазақстан Республикасында әзірленген және білім беру ұйымдары үшін толықтай тегін «BilimClass» отандық цифрлық білім беру платформасына көше бастайды. Бұл туралы Ақмола облысының білім басқармасы Ақмола өңірлік білім берудегі жаңа технологиялар орталығының директоры Бағдат Қадыров брифингте мәлімдеді.



Оның айтуынша, «BilimClass» платформасы мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар үшін көпфункционалды қызметтерді ұсынады. Платформа білім беру және әкімшілік процестерді автоматтандыруды қамтамасыз етіп, электронды журналдар мен күнделіктерді жүргізу, интерактивті сабақтар өткізу, сондай-ақ ТЖБ/БЖБ сынақтарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, оқушылар мен ата-аналар бағаларды, кестені, үй тапсырмаларын көріп, қажет болған жағдайда онлайн сабақтарға қатыса алады. Ата-аналар мен оқушыларға мобильді қосымша тегін ұсынылады. Бұл қосымша оқушылардың бағаларын, оқу кестесін және үй тапсырмаларын қадағалауға мүмкіндік береді. Оған қоса, оқушылардың жетістіктері үшін кешбек жүйесі қарастырылған.

«Бұл «BilimClass» платформасы заманауи және ыңғайлы интерфейске ие, сонымен қатар, жарнамалық материалдардан бос. Платформа мемлекеттік деректер базаларымен толық интеграцияланған, бұл деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. 2021 жылдың 5 қарашасындағы № KZ50VQQ00041147 ақпараттық қауіпсіздік бойынша сынақ актісі аясында оқушылар мен педагогтардың жеке деректерін сақтау мүмкіндігі қамтамасыз етілген», – деді Бағдат Қадыров.

Айтуынша, 2017 жылдан бері Ақмола облысының

мектептері «Kundelik.kz» электронды журналдар мен күнделіктер жүйесін пайдаланған болатын. Алайда, «BilimClass» платформасына көшу аясында жаңа мүмкіндіктер мен артықшылықтар ұсынылады. Атап айтқанда, Ақмола облысының білім беру ұйымдарына BilimLand, iTest және iMekter модулдеріне тегін қолжетімділік беріледі. Бұл өзгеріс жыл сайын облыс бойынша шамамен 154 млн теңге үнемдеуге мүмкіндік береді.

«Мектептердің «BilimClass» платформасына көшу кезең-кезеңімен, үшінші тоқсан бойы жүзеге асырылмақ. Бұл көшу мұғалімдерге ешқандай қосымша жүктеме салмайды. Барлық мектептер кезең-кезеңімен платформаны меңгеріп, пайдалану жолдары туралы арнайы оқулар мен нұсқаулықтар алады», – деп толықтырды ол.

Ақмола облысында мектептер үшін «BilimClass» платформасына көшу білім беру сапасын арттыруға және заманауи технологияларды тиімді пайдалану үшін жаңа мүмкіндіктер туғызады. Платформаның тегін әрі тиімді болуы облыс бюджетін үнемдеуге де көмектеседі. Ақмола облысының білім басқармасы бұл өзгерістің білім беру процесін жеңілдетіп, оқушылар мен мұғалімдер үшін жаңа кезеңге жол ашатынына сенімді.

Ақмола облысының білім басқармасы

СОВРЕМЕННИК

Рымгүл Рымғалиқызы – учитель начальных классов КГУ «Общеобразовательная школа №1 им. Р. Кошкарбаева». Она является выпускницей этой же школы, что делает её путь особенно вдохновляющим для подрастающего поколения. В 2023 году Рымгүл с отличием окончила колледж «Кайнар» в городе Семей.



Такие педагоги являются залогом светлого будущего нашей страны

Это не только педагог, но и разносторонняя личность. В 2024 году она заняла почётное третье место в традиционном конкурсе красоты «Мисс Косшы – 2024». Её активная позиция в общественной жизни принесла ей заслуженные награды и признание:

- Участие в городских дебатных конкурсах в качестве судьи, за что она была удостоена благодарственного письма.

- Организация значимых мероприятий, таких как городской проект «Книга – зеркало знаний» и интеллектуальная игра «Находчивая семья».

- Победа в номинациях «Лучший руководитель самоуправления» и «Лучший наставник» на конкурсе молодых лидеров «Гордость года – 2024».

Её профессионализм был отмечен на городском этапе республиканской олимпиады учителей «Алтын тұғыр», где она заняла

почётное второе место.

Кроме того, Рымгүл получила благодарственное письмо за подготовку победителей республиканского онлайн-конкурса «Атамекен», посвящённого Дню Республики. Этот успех свидетельствует о её вкладе в развитие творческого потенциала учащихся, мотивацию талантливой молодёжи и улучшение качества образования.

Рымгүл Рымғалиқызы отличается не только профессионализмом, но и высокими нравственными качествами. Она внимательна, добросовестна и искренне любит свою работу. Её преданность делу вдохновляет коллег и учащихся. Такие педагоги, как она, являются залогом светлого будущего нашей страны.

Жанна Нурмаганбетова председатель первичной профсоюзной организации КГУ «№1 имени Р.Кошкарбаева»